КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН ШЕШІМ

2024 жылғы 26 қыркүйек Іс №1513-24-00-2/1938 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.Б.Кустанов,
сот отырысының хатшысы А.М.Мамай отырып,
сот ғимаратында ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады::

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Темір аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«МКК Элит Строй Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі А.С.Сапа
жауапкер өкілі Н.Б.Умиртаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 12 ақпанда «Темір аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі (тапсырыс беруші) мен «МКК Элит Строй Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (мердігер) арасында «Конкурс с использованием рейтингово-бальной системы» тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде мемлекеттік сатып алу туралы №6 шарты жасалған.

Шарт қазынашылық органында 2024 жылғы 13 ақпанда тіркелген.

Шарттың №1-қосымшасына сәйкес мердігер жалпы сомасы 17 961 378,85 теңге тұратын «Алтықарасу ауылына кіре-беріс» аудандық

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

маңызы бар автомобиль жолының су өткізу құбырына күрделі жөндеу» жұмыстарын 2 айда жүргізуге міндеттелген.

Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасы талап қоюшымен 2024 жылғы 20 ақпанда енгізілген.

Уәкілетті органның құрылыс-монтаж жұмыстарын бастауға рұқсат хабарламасы 2024 жылғы 31 мамырда беріліп, жұмыстарды аяқтау мерзімі 2024 жылғы 31 шілде деп белгіленген.

Талап қоюшы тарапынан жауапкерге 5 388 413,66 теңге мөлшерінде аванс сомасы төленген.

Жауапкер тарапынан шарттық міндеттеме тиісті мерзімінде толығымен аяқталмаған, нысан пайдалануға қабылданбаған.

Талап қоюшы сотқа талап қою беріп, онда шарттық міндеттерін тиісті мерзімде аяқтамағаны үшін жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды талап еткен.

Жауапкер талап қоюға қарсы пікір келтіріп, онда аталған нысан бойынша жұмыстар атқарылып жатқанын және шартта көрсетілген мерзімде талап қоюшыға тапсырылатынын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Сот отырысында талап қоюшының өкілі талап қоюда келтірген уәждерін қолдап, шарт бойынша жұмыстарды қабылдау туралы мерзімі аяқталғанын айтып, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкердің өкілі талап қоюға келтірген қарсы пікіріндегі уәждерін қолдап, нысан бойынша жұмыстар шамалы уақыттан кейін аяқталатынын айтып, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 272, 277 баптарына сәйкес (әрі қарай - АК), міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және уақытылы орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 4-тармағына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 02.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.11.2024, судья Кустанов Р. Б., 07.11.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Талап қоюшының тарапынан күнтізбелік 30 күн ішінде сотқа жүгіну мерзімі сақталған.

Сот отырысында анықталғандай, тараптар арасында жасақталған мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша жауапкер шарттық міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған.

АК-нің 359-бабына сәйкес жауапкер шарттық міндеттемені тиісті дәрежеде орындау үшін өзіне байланысты шаралардың барлығын қолданғандығы туралы сотқа қандай да бір дәлел ұсынған жоқ.

Мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес жауапкермен шарттың орындалмау салдары оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз болып табылады.

Сот, жауапкермен шарттық міндеттеменің орындалмау салдарынан талап қоюшы шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалғанын ескере отырып, талап қою қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Жауапкердің нысан бойынша жұмыстар шамалы уақыттан кейін аяқталатыны туралы уәждеріне сот сын көзбен қарайды, өйткені жауапкер шартқа қол қойған кезде талап қоюшының шартта көрсетілген талаптарымен және мерзімдерімен толығымен келіскен.

Жоғарыда көрсетілген мән-жайлар негізінде, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарт бойынша өз міндеттемесін орындамағандығын ескере отырып, сот талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандыруға жатады деп тұжырымдайды.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден жергілікті бюджетке 1 846 теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндіріледі.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

АПК-нің 223-226, 229-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Темір аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жауапкер «МКК Элит Строй Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «МКК Элит Строй Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен жергілікті бюджетке 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Шешімге Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің төрт жүз үш төрт жүз төртінші-баптарының талаптарын сақтап, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 02.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.11.2024, судья Кустанов Р. Б., 07.11.2024

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, осы кодексте белгіленген жағдайларды қоспағанда, апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья Р.Б.Кустанов

Құжатқа қол қойылған: Кустанов Р. Б., 02.10.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.11.2024, судья Кустанов Р. Б., 07.11.2024

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ - Сот өндірісі - ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -

1513-24-3-1/2147